ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 17 шілде №6309-25-00-2/1280 іс Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.Смагулова оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Зайсан технология колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Мәдина Асанқызы Сейітсаданованы

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:

1. Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану
2. Тұрақсыздық айыппұлды өндіріп алу деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Шығыс Қазақстан облысы білім басқармасының «Зайсан технология колледжі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер жеке кәсіпкер Мәдина Асанқызы Сейітсаданованы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және тұрақсыздық айыппұлды өндіріп алу туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Мәдина Асанқызы Сейітсаданованы мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Мәдина Асанқызы Сейітсадановадан мемлекет пайдасына 8 852 (сегіз мың сексен жүз елу екі) теңге айыппұл, 2 231 (екі мың екі жүз отыз бір) теңге көлемінде мемлекеттік баж төлемі өндірілсін.

Жауапкерлер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкерлер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья **А.Смагулова**

Документ подписан: Смагулова А. А., 17.07.2025

Дата вступления в законную силу: 25.08.2025, Судья Смагулова А. А.

6309-25-3-1/1329